



18+

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 13/761

2022 жылғы 01 сәуір, жұма

Жаңа форматтағы шара

Актуально

ҚАЛА ӘКІМІ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022-жылғы 3-наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығына сәйкес, Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында қала тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесуге қаладағы барлық кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, жастар және баспасөз өкілдерімен қатар құқық қорғау салалары басшылары да қатысты.

Бұрынғы кездесулерге қарағанда өзгеше форматта өткен кездесуде қала әкімі 2021-жылдан бергі уақыттағы қала бойынша барлық салаларда атқарылған жұмыстардағы жетістіктер мен кемшіліктер жөнінде халыққа баяндады. Онда әлеуметтік азық-түліктер бағасын тұрақтандыру, жылу беру науқаны және қазандақ жұмысы, тұрғын үй құрылысы мен жөндеу, «Арай» ЖШС, «Приозерск ЖилСервис» ЖШС мен «Сарышаған су-жылу» ЖШС

латын көп қабатты екі тұғын үй туралы жеткізді.

Тұрғын үйлер аулаларындағы балаларға арналған ойын алаңдарын жөндеу, көл маңындағы шомылу орындарын жаң-



ғырту мен көркейту, қаланың іші-сыртындағы коқыстарды тазарту, бос жатқан және иелері тастап кеткен жерлерді түгендеу және заң бойынша оларды бәс-саудаға шығару, халықты жұмыспен қамту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету, қала маңындағы «Емдеу-сауықтыру кешенінің» қызметі, білім және денсаулық салалары туралы айта келіп, биылғы жылы қаладағы ауруханаға жеті жас маман келетіндігі жоспарланып отырғанын сүйіншіледі.

Облыс әкімінің қала халқымен кездесуінде тұрғындар тарапынан қойылған Мәдениет үйі мен Физкультура және спорт кешінін жаңадан салу туралы сауалға қатысты аталған нысандар құрылысына байланысты құжаттамалар дайындалып жатқанын атап өтті. Қала әкімінің назарынан жастар мәселесі де тыс қалған жоқ. Болшағымыз болған жастар үшін мемлекет тарапынан да, қала әкімдігінен де тиісті көмек пен қамқорлықтың жасалатынын айтты.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.



қызметтері, аталған серіктестіктердің биылғы жылы атқаруға тиіс жұмыстары жайлы айта келіп, қалада коммуналдық тұрғын үйлерді түгендеу (инвентаризация) жүріп жатқандығын және биылғы жылғы көктем және күзде пайданауға тапсыры-

Жемқорлық - жезгікүрт

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы және оның жетістіктерді жоққа шығаратындығы, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан – бұрынғы кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер қамтамасыз ету қажет. Приозерск қалалық қазынашылық басқармасында да бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бойынша жұмыс жүргізілуде. Тұрақты түрде семинарларда қызметкерлер бірігіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы оқып тұрады. Басқармада сенім телефоны бар. Абырой болғанда, неше жыл бойы сенім телефонына түскен шағымдарды тіркейтін журналда бір де бір телефон шалу тіркелген жоқ. Азаматтардан, заңды тұлғалардан мемлекеттік қызметкерлердің атқарып отырған жұмыстарына шағым түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мемлекеттік қызметкерлердің мәселесі ғана емес - бүкіл Қазақстандықтардың азаматтық борышы. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - дегендей, кез-келген азамат соған атсалысса, сыбайлас жемқорлықты түбірімен жоюға болады.

С.У. Каленов,
Приозерск қалалық қазынашылық
басқармасы басшысының
орынбасары

НУЖНО ЛИ МЕНЯТЬ ДОКУМЕНТЫ ЖИТЕЛЯМ НОВЫХ ОБЛАСТЕЙ

В своем Послании народу Казахстана Глава государства Касым-Жомарт Токаев сообщил о создании Абайской, Улытауской и Жетысуской областей. Нужно ли будет жителям этих областей менять документы, рассказали в департаменте регистрационной службы и организации юридических услуг Министерства юстиции РК, передает Kazpravda.kz со ссылкой на zakon.kz.

«Согласно положениям действующего законодательства данные реформы не требуют переоформления ранее выданных документов в сфере регистрации прав на недвижимость и юридических лиц», – пояснили в департаменте регистрационной службы и организации юридических услуг.

Так, пунктом 2 статьи 6 Закона «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» установлено, что регистрация изменений наименования населенных пунктов, названия улиц, а также порядкового номера зданий и иных строений (адреса), изменений кадастровых номеров в связи с реформированием административно-территориального устройства РК не возлагается на правообладателя и осуществляется безвозмездно.

«Таким образом, образование новых областей, переименование населенных пунктов не обязывает собственников обращаться в регистрирующий орган для внесения таких изменений в правоустанавливающие (к примеру: договор купли-продажи, дарения, акт приема в эксплуатацию, постановление акимата и иные) и идентификационные документы (акт на земельный участок, технический паспорт на объект недвижимости)», – отметили в департаменте.

Указывается, что изменение наименования населенного пункта и другие реквизиты адреса объекта недвижимости (наимено-

вание улицы, порядковый номер здания, помещения) обновляется в государственной базе данных «Регистр недвижимости» автоматически в рамках интеграционного взаимодействия с информационной системой «Адресный регистр».

Также в Минюсте отметили, что согласно Закону «О правовых актах» нормативные правовые акты, возлагающие новые обязанности на граждан или ухудшающие их положение, обратной силы не имеют.

«В этой связи официальные документы юридических лиц, в которых указано прежнее наименование областей, населенных пунктов, не теряют свою юридическую силу. Образование новых областей не возлагает обязанности на представителей юридических лиц по уведомлению органов юстиции по переоформлению учредительных документов (устава, договоров купли-продажи и т.д.), а также печати», – добавили в ведомстве.

При этом свидетельства о государственной регистрации актов гражданского состояния выписываются в точном соответствии с актовыми записями. Названия местностей указываются в соответствии с существовавшим административно-территориальным делением, а местом государственной регистрации – регистрирующий орган, обслуживающий эту местность по существующему административному делению.

Указание в документах прежнего наименования населенных пунктов не обязывает граждан обращаться в регистрирующий орган для внесения изменений в документы.

Смена документов будет произведена в случае утери или непригодности для использования, заключили в ведомстве.

Источник: <https://kazpravda.kz/ru>

Остановим коррупцию вместе

ПОощРЕНИЕ ЛИЦ, СООБЩИВШИХ О ФАКТЕ КОРРУПЦИОННОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ

«Нулевая» терпимость к коррупции и активное участие самих граждан является одной из важных составляющих в искоренении коррупционных правонарушений.

Достойное вознаграждение неравнодушных граждан является стимулирующим фактором в этом вопросе.

Антикоррупционной службой по Карагандинской области на регулярной основе осуществляется мониторинг обвинительных приговоров, вступивших в законную силу, а также прекращения уголовных дел по реабилитирующим основаниям с рассмотрением вопроса о поощрении граждан.

Во исполнение поручения группой контрольно-методического обеспечения Следственного управления проведена ревизия обвинительных приговоров, вступивших в законную силу, а также постановлений о прекращении уголовных дел по реабилитирующим основаниям.

По итогам работы за 2021 год Департаментом по Карагандинской области поощрено 17 лиц сообщивших о фактах коррупционных правонарушений на общую сумму 528 900 тенге.

А за 3 месяца 2022 года уже поощрено 9 граждан на общую сумму 2 766 800 тенге.

Вместе с тем, заявителям даны разъяснения, что в случае устранения причин отказа рассмотрения документов, они имеют право обратиться с заявлением повторно в

порядке, установленном Правилами.

Работа по разъяснению населению положений Правил проводится на постоянной работе в ходе встреч, семинаров.

Антикоррупционная служба Карагандинской области еще раз напоминает:

Если Вы стали свидетелем коррупционного правонарушения, Вы можете сообщить о факте коррупционного правонарушения в Агентство РК по противодействию коррупции:

1)через единый call-центр Антикоррупционной службы по бесплатному круглосуточному номеру 1424;

2)письменно по почтовому адресу Антикоррупционной службы Карагандинской области: г.Караганда, ул.Алиханова 12;

3)через портал «Электронного правительства» www.egov.kz при наличии электронной цифровой подписи;

4)письменно на электронный адрес karaganda@nab.gov.kz

Работа по поощрению лиц, сообщивших о факте коррупционного правонарушения или иным образом оказывающих содействие в противодействии коррупции продолжается и находится на постоянном контроле руководства Департамента.

ГУ «ОВП,Ки РЯ г.Приозерск»
по запросу Антикоррупционной службы
Карагандинской области

ҚАЗАҚТАР ҰСТАНҒАН ТЫЙЫМДАР

«Рухани жаңғыру» аясында

Қазақ халқының даналығына ешкім шек келтіре алмас!

Өмірден көріп-білгендері мен теріп-түйгендерін қағидаға айналдырып, ұрпақтан ұрпаққа жазылмаған заң ретінде қалдырып отырғанына және бұл тим-

дардың дерлік барлығы тәрбие құралы екендігі таң қалдырады. Бала кезімізден ата-әжелерімізден есітіп, көңілге түйе жүретінбіз. Оның бәрі есте қалмағанымен, жадымызда сақталғандарын бүгінгі өскелең ұрпаққа өсиет етіп қал-

дыру біздің – аға ұрпақтың парызы деп санаймыз. Сондықтан төмендегі қазақ халқы ұстанған кейбір тыйымдарды газет бетіне жариялауды жөн көрдік. Мұндай тыйым сөздер жастарға аз да болса көмегін тигізіп, дұрыс жолды таңдауы-

на ықпал етсе, біздің де басты мақсатымыздың жүзеге асқаны деп ойлаймыз! Әліппи бойынша терілген осы тыйымдарды оқыған баланың ой-өрісі кеңіп, әр нәрсеге қызығушылығы арта түсеріне сеніміміз зор.

Бесікті теппе.
Беттеп келе жатқан көп малды бойлай бөліп өтпе.
Беті-қолыңды жуынбай тұрып, малды өріске шығаруға болмайды.
Босағаға сүйенбе.
Босағаны керме.
Бос бесікті тербетпе.
Бөтен үйге түнде сәлем беріп кірме («Кеш жарық» деу керек).
Бүгінгі істі ертеңге қалдырма.
Біреуге тесіліп қарама.
Бір қолмен нан үзбе.
Бір қолыңмен су құйма.
«Біссімиллә» демей тамақ жеуді бастама.

Дастарханды аттама.
Дастарханды пышақпен қырма.
Дәм ішуді қонақтан бұрын доғарма.
Дос-жаран, құда-жекжаттан ит алма, ит берме.
Дүние кума.

Екі кісінің арасынан өтпе.
Елсіз жерде жалғыз ұйықтама.
Елшіге тиіспе.
Еркектің бес қаруына әйел адам тиіспес болар.
Ер-тоқымды аударып қойма.
Ер-тоқымды теріс салма.
Ер адамды әйел түртіп оятпас болар.
Ескі дауды еске алма.
Ескі моншаға кірме.
Есікті қатты серіппе («Қайтып кірер есікті қатты серіппе» - деген).
Есікті теппе.

Жайдақ атқа және жайдақ ерге мінбе.
Жақсының жасын сұрама.
Жақсыны әжуалама.
Жақсы аттың жағын ашпа.
Жақсы істі қызғанба. Жақынына міндетсіз берме.
Жалғыз тал шимен ұрма (жалғыз қаласың).
Жаңа байығаннан қарыз алма.
Жаңа түскен келіншек алғашқы перзентін көргенше іш киімін қысқартуға болмайды.
Жаңа үйленгенмен қоңсы қонба.
Жаралы басқа жұғыспа.
Жастыққа отырма.
Жасы үлкенге әзіл айтпа.
Жас баланы ұрма.
Жас босанған әйел үйге кірген итке «кет!» демейді (тісі түсіп қалады).
Жас келін түскен үйіндегі жақындарының атын атамас болар.
Жас малдың мүйізін сипама (қисық болып өседі).
Жас малдың тісін санама.
Жас төлді сипай берме (өспей қалады).
Жатарда көп тамақ ішпе.
Жатқанда аяғыңды құбылаға берме.
Жатқан кісінің үстінен аттама.
Жатқан малдың үстінен аттама

(жоймасы сынады немесе қасқыр жейді).
Жатып тамақ ішпе.
Жаяу қамшыланба.
Жеңіл ақылмен дос, жолдас болма.
Жер таянба.
Жер таянып отырып ас ішпе.
Жетім-жесірге тиіспе.
Жозыға мінбе.
Жозының қасында тырнақ алма.
Жүйрік атқа әйел адам мінбес болар.
Жүріп келе жатып тамақ ішпе.

Қораға дәрет сындырма.
Қотанда ысқырма.
Құбылаға қарап дәрет сындырма.
«Құранды» жерге тастама.
Құран оқығанда жалаң бас отырма және құран оқығанда түрегеп тұрма.
Қызға ер баланы тебуге болмайды.
Қыз баланы босағаға отырғызба.

Кәрі жілікті әйел балаға ұсынба.
Кешкі асты бақпа.
Кеште тырнағыңды алма.

Майлы тамақтан соң салқын су ішпе.
Малға баскім лақтырма.
Малға зекіме.
Малға қант, тұз ұсынып шақырма.
Малға теріс қарап мінбе.
Малдың алғашқы сауымынан алынған майды асқа қолданба (босағаны, табалдырықты, киіздің етегін майла).
Малдың алдынан бос ыдыспен шығуға болмайды.
Малдың бітіміне, сүттілігіне сұқтанба.
Малды бөтен адамға саудыртпа.
Малды қу шыбықпен немесе қабықталған ағашпен айдама.
Малды сауарда балтаны ағашқа шанышпайды.
Малды сауған соң қол жұмай тұрып, қол беріп амандасуға болмайды.
Малшыдан «Не бағып жүрсің?», «Не сауып жүрсің?» деп сұрама.
Мал қоршауына шықпа.
Мал сауатын ыдысты төңкеріп ұстама.
Мал сауып жатқанда несімен сөйлесіп, сауынның жанына келуге болмайды.
Мал төлдеп жатқанда қарызға ештеңе берме.
Мандайшаға төбенді тіреме.
Мас қылатын ішімдік ішпе.
Мойынға белбеу салма.
Молаға қарай жүгірме.
Молаға қарап дәрет ұсатпа.
Моланы саусағыңмен көрсетпе.
Мүгедек адамды мазактама.
Мүрдеге топырақ салғанда күректі екінші адамға қолмен берме.
Мүрдеге топырақ салғанда күректі табаныңмен баспа.



Жыңғылмен ат айдама.
Жіптің астынан өтпе.
Жіпті мойныңа салма.

Қабірді баспа.
Қазан ернеуін босағаға қарай қисайтып аспа (несібен сыртқа төгіледі).
Қайшыны көк шөпке тастама.
Қаралы елге тиіспе.
Қара, қызыл, ақ түсті шүберекті үй үстіне жайма (қаралы тудың белгісі).
Қарт адамның алдын кеспе.
Қаруды адамға кеземе.
Қатты сөйлем.
Қатынға қатты сенбе.
Қатын мен балаға сыр айтпа.
Қисынсыз сөз айтпа.
Қой қырқатын қайшыны несіне қайтарғанда қол жалғап берме (қайшыны жүнге орап, «мұны мен емес, жер берді» деп, жерге қояды).
Қолыңды артыңа айқастырып жүрме.
Қонағыңа ашуланба.
Қонағыңды жұмсала.
Қонақтың алдын орама.

Киімді желбегей жамылма.
Көгенді аттама.
Көптен дараланба.
Көп ішінде жалғыз тамақтанба.
Көрпенің ірге жағын тұйықтап жатпа.
Көрпені теріс салма (яғни, көрпенің тұйық жағын босағаға қаратып салуға болмайды).
Көршіңе жамандық ойлама.
Күйеуіңнен бұрын жатпа.
Күйеуіңнің ірге жағына жатпа.
Күні түскенге кісіпір болма.
Күректің сабын аттама.
Кірдің суын баспа.
Кірдің суын есік көзіне төкпе.
Кісіге қарап бала емізбе.
Кісіге қарап есінеме.
Кісіге қарап орынсыз күлме.
Кісіге пышақ сұқтама.
Кісіні айналма.
Кісі келгенде тамақ сұрама.
Кісі келгенде үй сыпырма.
Кісі көзінше керілме.

Намазды бөлме.
Нанды бір қолмен үзбе.
Нанды жерге тастама.
Нанды лақтырма.
Нанмен ойнама.
Нанның ұнтағын тастама.

Ойланбай сөйлем.
Ойланбай іс бастама.
Орынсыз кінә қойма.
Оттықты жақпа.
Өзгенің алдындағы асқа сұғынба.
Өзіңде жоққа мақтанба.
Өзіңе ұнамағанды өзгеге теліме.
Өз басыңа лайық емес сөз айтпа.
Өлген кісіні жамандама.
Өліктің дене топырағын сәндеме.
Өлімге бата жасап қайтқанда басқа үйге кірме.
Өлім бар да қаза бар екенін ұмытпа.
Өсек тасыма.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ақын, салт-дәстүр зерттеуші

Общество и закон

Принято думать, что в Казахском ханстве демократии не было, что народ не принимал никаких важных решений, а только кивал в знак согласия хану, однако это было вовсе не так. **Zakon.kz** рассказывает об особенностях степной демократии.

Хан избирался народом. Конечно же, из чингизидов, но решающим фактором при выборе были заслуги перед народом. Иными словами – авторитет и признание. На всеобщем собрании, курултае народ избирал хана и его поднимали на белой кошме. На курултай казахи должны были явиться с оружием, без оружия они не имели права принимать участие в народном собрании.

Кандидатов на ханский трон выдвигали аристократы из числа потомственных чингизидов. После чего обсуждались сильные и слабые стороны выдвигаемых претендентов. Каждый имел право высказывать свое мнение по поводу того или иного кандидата. Но в степи нельзя было просто взять и оклеветать кого-то без

СТЕПНАЯ ДЕМОКРАТИЯ – ИМЕЛО ЛИ ЗНАЧЕНИЕ МНЕНИЕ НАРОДА В КАЗАХСКОМ ХАНСТВЕ

видимых или имеющихся на то доказательства. Это могло повлечь за собой серьезные последствия.

Пока выступали ораторы, участники собрания слушали. По итогу хана избирали голосованием, но решающее слово оставалось за знатью. Это были султаны, родовые бии, батыры, поэты, известные жырышы, которые прославили свое имя и имели авторитет в обществе.

Еще одним важным фактором степной демократии был суд биев.

“Суд биев скор и производится на словах, он довольно справедлив и всегда бескорыстен и поэтому пользуется уважением не только казахов, но и разночинцев, и казаков, из которых многие идут в суд биев.”

Русский этнограф Александр Гейнс

Бии в Казахском ханстве были в почете, имели непререкаемый авторитет и пользовались всеобщим уважением. Институт биев

считался высшей судебной властью в ханстве. Многие вопросы решались непосредственно через суд биев.

Бии в одном лице были и ораторами, и



судьями, и мудрецами, а потому считалось, что они являются символом неподкупности и справедливости. Верность народу и служение его интересам – вот что было в прио-

ритете у биев.

“Моя жизнь принадлежит народу, а мне принадлежит только моя смерть.”

Айтеке би

Многие историки и культурологи отмечают огромную роль суда биев в сохранении целостности и единства казахского народа. Именно поэтом Тауке хан в своде законов «Жеті жарғы» установил право на судебно-исполнительную власть только за ханом и биями родов. Таким образом, Тауке хан также ослабил влияние степной аристократии – неважно, кто ты, ты обязан подчиняться суду биев.

Источник: <https://www.zakon.kz>

Дін және мемлекет

Еуразия аймағында ұлаңғайыр аумақты мекендеген еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихы Батыс пен Шығыс өркениеттерінің тоғысқан аймағы ретінде 130-тан астам ұлттар мен 18 конфессия өкілдерінің Отанына айналды. Халқымыз ұлтаралық және дінаралық ынтымақтастыққа бастайтын құндылықтарды халықаралық алаңда да насихаттауда. Конфессияаралық келісімді орнату, бейбітшілік пен өзара төзімділік құндылықтарын насихаттау арқылы Қазақстан әлемдік саясатта жоғары құрмет пен беделге ие болды. Жаһандық алаңда көптеген елдердің сенімді әріптесіне айналды.

Еліміздің мемлекеттік саясаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге негізделген қағидаттарды басшылыққа алады. Сонымен бірге, елдегі қалыптасқан мемлекеттік-конфессиялық қатынастар барлық конфессиялар мен діни топтардың тең құқықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанның әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің арасындағы сындарлы үнатысу көпірін құру қадамы осы мақсаттың жүйелі жүзеге асырылуын айқын көрсетіп отыр.

Конфессияаралық келісім – Қазақстан халқы үшін өзара түсіністікті қажет ететін қастерлі құндылық. Әр түрлі конфессия өкілдерімен достық қарым-қатынас орнатып, оларға қамқорлық таныту саясаттан бөлек адамгершілік құндылық болып табылады. Қазақстанның әлемдік және дәстүрлі діндер арасында сенімді байланыстар орнықтыратын өркениетаралық үнатысу алаңына айналуы – Президентіміздің

тіміздің жаһандық үнатысуға бағытталған мемлекеттік саясатты тиімді жүргізуінің нәтижесі.

Толеранттылық пен діни тағаттылық – конфессияаралық келісімді орнату қағидаттарының басты тетігі. Еліміз үшін төзімді

және діни бірлестіктер туралы» заңының преамбуласында ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың халық мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлі танылатындығы атап көрсетілген. Бұл – ислам дінінің

қының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады.

Қазақстанның дін саласындағы саясаты – конфессияаралық келісімнің, діни ахуалдағы барлық діндердің теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттілік қағидаты мен дінаралық татулық санасын қалыптастыру мәселесі мемлекет үшін де, қоғам үшін де өте маңызды. Сондықтан мемлекеттің дін саласындағы саясаты елдегі діни тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін тек дәстүрлі діндердің ғана емес, барлық діндердің арасында өзара келісімге негізделген қарым-қатынастардың сақталуын басты мақсат деп біледі.

Әлемдегі елдердің басым көпшілігі көпұлтты болғандықтан, әр түрлі этностардың басын қосу, мемлекеттің тұтастығын сақтау – оның мәдениеттілігінің басты белгісі. Біз қоғамда қалыптасқан саяси тұрақтылықты, ұлттар арасындағы ауыз-біршілікті, ағайын арасындағы сыйластықты, адамдардың бір-біріне деген мейірімділігін көздің қарашығындай сақтауды келер ұрпақтарға аманат етіп қалдыруға тиіспіз.

Ә.Б. Алшынбек,
Приозерск қаласы полиция бөлімінің
криминалдық полиция тобының аға
желел уәкілі, полиция капитаны, АТТ
мүшесі



лік қағидаттары саяси мәдениеттің бағыттары ғана емес, мәдениетті қолдап-қуаттайтын мемлекеттің негізгі ұстанымдары болмақ.

Мемлекеттің дінге қатысты ұстанымын ең алдымен оның заңдарынан көруге болады. Елімізде діни ахуалды реттейтін Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет

қазақ мемлекеттілігінің және халықтың рухани-мәдени құндылықтарының қалыптасуына негіз болғандығын, сондай-ақ соңғы үш ғасырлық тарихы қазақ елімен ортақ, әрі көптеген этностардың дәстүрлі діни саналатын православиелік христиандықтың Қазақстан халқының өміріндегі рухани-мәдени маңызын айғақтайды. Сонымен қатар, бұл Заң Қазақстан хал-

Есен беру концерті

Өткен сенбі, наурыздың 26-жұлдызы күні қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында ұстаздары – Айман Дәуітқұлқызы Нұртаеваның жетекшілігіндегі осы орталықтың «Балбырауын», «Шабыт» және Сарышаған кенті жалпы білім беру мектебінің «Шабыт» домбырашылар ансамбльдерінің есен беру концерті болып өтті.

Концерт кешінің шымылдығын «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының директоры, қалалық мәслихат депутаты Попченко Светлана Борисовна ашып, мемлекеттік тілде құттықтау сөз сөйледі. Концерт жүргізуші А.А.

КҮЙ – ҚҮДІРЕТ, КҮЙ – ӨМІР!

рауын» және «Жалын» ансамбльдері бірінші дәрежелі дипломдармен марапатталған.

Биылғы 2022-жылдың ақпан айында Алматы қаласында өткізілген ІІ республикалық «Тау тұлғалы талантқа тағзым!» өнерпаздар байқауында «Балбырауын» домбырашылар ансамблі Бас жүлдені қанжығаларына байлаған. Осы өнер сайысында «Жалын» ансамблі бірінші орынға ие болды. Өткен жылды жақсы көрсеткіштермен қортындылаған бала күйшілеріміз биылғы жылды үлкен табыстармен бастады деуге толық негіз бар. Осынау жетістіктерін қала тұрғындарымен бөлісуді мақсат еткен күйшілер жүргізушінің:

күй тарту өнерімен танылып үлгерген шәкірті, дарынды балалардың өнер мектебінің түлегі Арнұр Тілеутев апайының бүгінгі шәкірттері есен беру концертін өткізгелі жатқанын есітіп, сонау Қарағанды қаласынан арнайы ат арылтып келіпті осы кешке. Апайының алдындағы төрт жыл дәріс алған кезінде 46 облыстық жас музыканттар байқауында дипломант атанған Арнұр бүгінде дарынды балалар мектебінің соңғы сыныбында білім алуда. Көрмендер Арнұрдың аса шеберлікпен орындаған «Шашу» күйін делебелері коза отырып тыңдады. Сондай-ақ, концерт кешінде Айым Заур «Балдырғандар биі», ансамбльдің орындауында «Ерке сұлқым» күйлерін тындап, тамашалады. Концерт

Құрманғазының «Балбырауын» күйімен қорытылды.

Керемет концерт соңында күйші-шәкірттердің ата-аналары атынан сөзге шыққан Сәуле Кішкенбайқызы Сағадиева ұлтымыздың қасиетті күй өнерін насихаттап, дамытып жүрген мақтап-мадақтауға лайық еңбегі және шәкірттерімен бірге қаламызды республикалық, халықаралық деңгейде танытқаны үшін Айман Нұртаеваға алғысы мен рахметін жаудырып, гүл шоқтарын табыс етті. Көрменнің ыстық ықпалы мен ризашылығын алған, күйден шашу шашылған кештен керемет сезіммен, жақсы демалып қайттық. А.Нұртаева мен шәкірттеріне зор жетістіктер мен табыстар тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Суреттерде: концерттен көріністер



Жармаханова А.Д.Нұртаеваның жетекшілігіндегі домбырашылар ансамбльдерінің жетістіктерін және атақ-дәрежелерін көрмендерге баяндады. Атап айтқанда өнер шаңырағының домбыра сыныбында шыңдалып, күй тартуды шебер меңгерген талантты өнерпаздар соңғы кезде өнер байқауларының алдыңғы қатарынан бой көрсетіп жүр. Бұл туралы газетіміздің өткен сандарында сүйіншілеп жазып келеміз. Осы кезге шейін Қарағанды облыстық Шамғон Қажығалиев атындағы бірінші «Ақ желең» атты өнер байқауында бақтарын сынаған «Балбырауын» домбырашылар ансамблі жүлделі екінші орынға ие болса, республикалық «Жас сарбаз-2021» әскери-патриоттық әндер фестивалінде өнер көрсеткен «Шабыт» домбырашылар ансамблі бірінші орынды жеңіп алған. Былтырғы жылдың соңында Елордада өткен балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының Халықаралық фестиваль-сайысында өте жоғары деңгейде өнер көрсеткен «Балбы-

**Тарт күйінді, домбыра!
Төгіл, төгіл тәтті күй,
Тау суындай сылдыра,
Ойды-қырды қыдыра,
Құлшына тарт, домбыра!** - деген жыр жолдарымен концерттік бағдарламаны халық күйі «Жастар биімен» бастап кетті. Ғажайып көктем кешінде халық күйі «Нәр ағашы», Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелені», Ардақ Рымханованың күйсандықта сүйемелдеуімен Хабидалла Тастановтың «Би», Ермұрат Үсеновтің «Кербез сұлу» күйлері көрменге нәзік сезім сыйлады. Ардақ Ахатаева мен Елена Волкованың сүйемелінде орындалған Бақтыбайдың күйі «Әуен», Нұрғиса Тілендиевтің «Көңілді бикеш» күйлері көрмендер кошметіне бөленді. Динаның күйі «Тойбастар», Әсет Ходжабай орындаған Қыздарбектің күйі «Сылқым қыз» қызу қол шапалаққа ие болды.

Алты жасында ұстазы Айман Дәуітқұлқызынан дәріс алып, бір жылға жетпей елге

...Өз тіліңді құрметте!

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ТҰҒЫРЫ,
РУХЫ МЕН НАМЫСЫ

«Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» - деп Халел Досмұхамедұлы ағамыз айтқандай, тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – ана тілінде. Әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Тілдің мәртебесі – елдің мерейі. Оның мерейін асқақтатында, құтын қашыратын да мына өзіміз. Тіл отбасынан басталып, Отан аясын да дамиды.

Қазақ тілінің мәртебесін нығайту үшін барлық қазақстандықтар қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қажет.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі, құдіретті ұғым. Ол әр адамның бойына ана сүтімен дарып, қалыптасады. Әрбір адам өз ана тілін білуге және мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті. «Тіл -

ұлттың жаны» - десек, онда халықтың болмыс бітімі бар. Сондықтан әрбір адам кемел келешекке қадам басқысы келсе, ұлттық мұра тілімізді сақтап, жаңа формацияларға сәйкес дамытып отыруға үлес қосу керек. Мен еліміздің бәсекеге қабілетті елдердің қатарына енуі үшін өз үлесімді қосатынымна сенімдімін.

Тіліміздің туын әрқашан жоғары ұстайық! Өз ана тілін қастерлеп, қадірлейтін патриот азаматтар көбейе берсін!

А.И. Закирова,
«Айналайын» бөбекжайының
дефектологы

АБАЙДЫҢ ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРА СӨЗІ

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жармайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.



Қазақстан Республикасына қызмет етемін!

Егеменді еліміздегі халық игілігі жолында тиімді қызметтерін абыроймен атқарып жүрген мамандық иелерінің қатарынан дәрігерлерге көз салсақ, ақ халатын киіп



алып, сырқаттанған адам өмірін сақтап қалу үшін араша түсіп жатады. Ұстаздар болса, көз алдындағы партада тапжылмай отырған оқушысын білім нәрімен сусындатып, оларға бар білгенін жеткізуге тырысып бағады. Шахтадағы кеншілер жер астынан көмір кенін қазып алса, мұнайшыларымыз теңіз түбінен мұнайды сүзіп алып, ел экономикасының дамуына зор үлестерін қосып келеді. Жіпке тізгендей тізбектей берсек, мамандықтың әр түрін осылайша сипаттап бере аламыз. Осы орайда, әскери қызметшілердің Отан алдындағы қызметінің орны бөлек. Олардың күнделікті тыныс-тіршілігі еш тоқтауды қаламайды. Әскери киім киген сарбаз бір күннің ішінде немен айналысады?!

Ендеше, соған да бір тоқталайықшы...

Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-шы бабында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» - деп, жазылған. Осы Ата заңның қағидалары аясында егеменді еліміздің ер азаматтары әскер қатарына шақырылып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарын толықтырады. Отан алдындағы өздерінің азаматтық борыштарын өтеуге келген сарбаздары қатары алдымен әскери өмірге бейімделіп, жауынгерлік даярлықтың түрлі әскери әдістерін орындауды үйренеді. Отан алдындағы қызметке адал болуға салтанатты түрде Әскери ант қабылдап, әскери міндетті орындауға кірісіп кетеді.

Алаш ақыны Мағжан Жұмабаев:

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты-
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін!...» - деп жырлағандай, елі сенген сарбаз өмірі бозарып атқан таңдағы ұйқыдан тұру кезіндегі қар-

АРЫСТАНДАЙ АЙБАТТЫ, ЖОЛБАРЫСТАЙ ҚАЙРАТТЫ...

баластан басталады.

Әскери киімдерін киіп үлгерген сарбаз ертеңгі жаттығуға дайын болуы тиіс.

Келесі кезекте таңғы асты ішіп болған соң, жеке құрам таңертеңгілік таралымға сапқа тұрғызылады. Таралымнан соң сарбаздар әр топқа бөлініп, жауынгерлік даярлықты пысықтау мақсатында теориялық сабақтарға жіберіледі. Жеке құрамға мемлекеттік-құқықтық дайындығы, тактикалық дайындық және арнайы дайындық түрлерінен топ жетекшілері мен оның көмекшілері сабақ береді.

Жауынгерлік даярлық дәрістері аяқталған соң, сарбаздар түскі асқа жіберіледі. Түстен кейін бөлімше командирлерінің басшылығымен жеке құрам өзіндік дайындық жұмыстарын өткізеді.

Сағат 19 00-де жеке құрам кешкі асқа жіберіледі. Сарбаздар асханасынан тамақтанып шыққан соң, сарбаздар ертеңгі күнге дайындық жұмыстарымен айналысады. Атап айтар болсақ, жеке құрамның тазалы-

шіндегі жаңалықтарды көріп тыңдайды.

Жеке құрам сағат 21 30-да сап түзеп, саптық алаңда кешкі серуенге шығады. Мұнда сарбаздар әскери-патриоттық саптық әндерін орындайды.

Әскери бөлім кезекшісінің басшылығымен сағат 22 00-де жеке құрамға тізім бойынша кешкі тексеріс жүргізіледі. Күн тәртібіне сәйкес, келесі кезекпен жеке құрам аяқ-қолдарын жуып, түнгі ұйқыға жатады.

Бұдан бөлек сарбаздар жатақханасында тазалықты сақтау мақсатында күнделікті тазалық кестесіне сәйкес, белгіленген уақытпен жеке құрам тазалық жасайды. Сондай-ақ, әскери қызметті міндетті орындау үшін тәуліктік наряд кестесімен жеке құрам күн сайын тәуліктік нарядқа түседі. Сарбаздардың басты міндеті – әскери бөлімге қарасты барлық әскери мекемелер мен нысандарды қырағы күзету.

Жауынгерлік даярлық жоспарына сәйкес, жеке құрам белгіленген тәртіпте және бекітілген уақытпен атыс қаруынан ату

мұртты, кең нықты, апай төсті, өткір тісті, жуан білекті, қапсағай денелі, бура санды, кең жауырынды, от ауызды, орақ тілді, темірдей саусақты, жау жүректі, сергек ойлы, ширақ қимылды, кескін сөзді, кесек



бітімді, қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, көк бөрідей қайсар, қабыландай сұсты, бұланды сүйекті, нардай төзімді, ар алдында ақ, сауыскандай сақ...» деп сипатталады. Расымен де, сарбаз өмірінде шындалған әрбір әскери қызметші нағыз ел қорғайтын азамат болып шығатыны рас.

Қазіргі таңда сарбаздардың әлеуметтік жағдайларына да айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Қолданыстағы әскери техникалар мен қару-жарақтар замануи сонғы үлгіде жасалып, іске қосылуда...

Олай болса, қазақ жігіттері батыр бабамыз батыр да ақын Махамбет Өтемісұлы айтқан «ерлердің ісі» жалғап, «ерек тоқты – құрбандық» деген аталы сөзді жадында сақтағаны абзал.

«Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ, - деп ер қайратына міндағы өрге бас» - деген еді, қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов. Елдікте, ерлік сияқты сын сағатта танылады. Отаныңды қорғап, еліңнің тыныштығы үшін еңбек етсең, одан асқан бақыт жоқ. Тыныштығы тұрақты елге береке келеді. Сондықтан да, ел тыныштығын қорғап, кірпік қақпай қырағы күзетте тұрған сарбаздарымызды мақтан етіп, олардың Отан алдындағы мінсіз қызметіне лайықты баға беруге тиіспіз! Тәуелсіз Қазақстан халқының тыныштығы мен елдің аумақтық тұтастығын сақтап тұрған сарбаздарымыз барда, егеменді ел армиясының мәртебесі арта беретіндігі сөзсіз!

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының баспасөз
хатшысы



ғын сақтау мақсатында сарбаздар өз бетінше жуынады, күнделікті әскери киімнің тазалығын қарайды, аяқ киімдерін тазалайды және тағы да басқа сарбаздың тазалығын сақтаудағы жұмыстарды атқарады.

Кешкі сағат 21 00-де жеке құрам теледидар алдында жиналып, әлем және ел

жаттығуларын өткізіп тұрады.

Қазақ халқының тарихындағы бабалардан қалған асыл сөздерді зер салсақ, ер жігіт, ер азаматқа қатысты өте көп сын-сипатты ұшырастыруға болады. Мәселен, батырлар жырында еркектің бейнесі «еңсегей бойлы, терең ойлы, өткір көзді, қыр мұрынды, қияқ

ПАТРИОТИЗМ И ВЕРНОСТЬ ВОИНСКОМУ ДОЛГУ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА

В контексте внешнеполитической ситуации, сложившейся вокруг Российской Федерации, а также с учетом высокой актуальности и важности вопросов патриотизма и воинского долга 24 марта 2022 года заместителем руководителя 496 военного следственного отдела Следственного комитета Российской Федерации майором юстиции Алексеем Прилепским была проведена воспитательная беседа с военнослужащими Ракетных войск стратегического назначения, проходящими службу в регионе дислокации названного отдела.

В ходе беседы были затронуты темы любви к своей Родине, народу, его истории, языку и национальной культуре. На истори-



Урок патриотизма

ческих примерах исполнения ратного долга до сведения военнослужащих доведена необходимость добросовестного и честного исполнения своих обязанностей, мастерского владения техникой и оружием, совершенствования своих боевых и морально-психологических качеств, высокой организованности и дисциплины.

Интерес, с которым военнослужащие отнеслись к теме беседы, свидетельствует о том, что они понимают важность и ответственность добросовестного исполнения своего воинского долга и готовы защищать интересы своего народа, целостность и независимость своей Родины.

Прилепский А. С.,
Заместитель руководителя 496 ВСО
СК России майор юстиции

Меншік иесі: "ЖК А.В. Струментов".

"Приозерский вестник" газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі.

Редакцияның мекен-жайы: 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.

Анықтама телефондары: +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). E-mail: prz_westnik@mail.ru; instagram: https://shortlinks.plus/zmsid, fb:https://shortlinks.plus/qfbKi Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 13/761. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

Бас редактор: Б.А.Кенжебеков.

Техникалық редактор: А.В.Струментов.

Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63

Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: prz_westnik@mail.ru

Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.

Жазылу индексі - 65041